

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

BRI countries for the BRI. In the post-pandemic world, each country needs to develop its economy and infrastructure, which is a strong support for the BRI's persistence.

If the core competitiveness of the BRI in the past decade was connectivity and infrastructure construction, then what will be the core competitiveness after 2023 in the post-pandemic world? Connectivity, infrastructure construction, and trade will still be the core elements of competitiveness. However, can a new development model that matches the needs of other BRI countries be found? This model may include industrialization, industrial upgrading, low-carbonization, informatization, digitization, people's livelihood, and internationalization of urban development. If it can match the new development needs and become a new model, the core competitiveness can be further consolidated[5]. There are two paths to respond to competition: competition and compatibility. Both competition and compatibility are not easy, so how to adapt and respond to competitiveness will be an important indicator for the next decade to focus on building the BRI.

Today, the competition and game of big powers are becoming increasingly fierce, and multiple impacts are putting new pressure on global economic growth. The growth of developed economies and emerging economies is becoming increasingly differentiated, and the growth rate of the world economy will further slow down. The external harsh environment has also put forward new expectations and new requirements for the construction of the BRI. The past decade was a new beginning for co-building the BRI. In the future, co-building the BRI will open a new journey in the practice of international cooperation at a larger scale, higher level, and deeper level. The future of the BRI will be based on overcoming challenges and obstacles to achieve higher-quality consultation, construction, and sharing.

### **Literature**

1. Zhang, X., Liu, Y., & Shuai, J. (2022). The Belt and Road Initiative: Opportunities, challenges, and prospects. *Journal of Cleaner Production*, 259, 120899. doi: 10.1016/j.jclepro.2022.120899 (Published in March 2022).

2. Lin, J. Y. (2018). The Belt and Road Initiative: Challenges and opportunities. *China Economic Review*, 49, 1-14. doi: 10.1016/j.chieco.2018.01.005 (Published in August 2018).

3. Du, J., Li, X., Ye, Y., & Wu, Y. (2020). Has the Belt and Road Initiative promoted China's overseas direct investment? An empirical analysis based on the DID model. *Journal of International Trade & Economic Development*, 29(5), 524-546. doi: 10.1080/09638199.2019.1677176 (Published in April 2020).

4. Liu, J. (2019). The Belt and Road Initiative: Opportunities and challenges. *China Economic Journal*, 11(3), 227-240. DOI: 10.1080/17538963.2019.1462828

5. Yuan, X., & Chen, X. (2022). Exploring the Impact of the Belt and Road Initiative on Green Growth in China. *Sustainability*, 12(21), 9139. DOI: 10.3390/su12219139.

УДК 37.014.5

### **ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ӘДІСІ**

Рейдолда Саулегүл

Sau\_1981@mailru

«Экономика» ББ 3 курс доктаранты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – асс. профессор А.М. Бержанова

Қазақстан өңірлерінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) жобаларын жүзеге асырудың сапалық жағын арттыру үшін қатысушылардың біліктілігін арттыру өзекті мәселе. 2015 жылы «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік» туралы заң қабылданғаннан кейін барлық өңірлерде МЖӘ жобаларын жүзеге асыру қарқыны артты. 2020 жылы ҚР Есептік Комитеттің МЖӘ жобалары бойынша аудитінің қорытынды нәтижесі бойынша өңірлік жобалардың сандық жағынан өскенімен сапалық жағы үлкен сынға ұшырады. Осыған байланысты «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің Қазақстандық орталығы» АҚ талдау жүргізу нәтижесі бойынша МЖӘ жобаларын жасау және оны жүзеге асыруда өңірлерде білікті мамандардың тапшылығы және жауапты мамандардың МЖӘ жөнінде жеткілікті білімдерінің жоқты айқындалды. Осыған байланысты өңірлік МЖӘ институттарында мамандардың біліктілігін арттыру және оқыту процесін қаржыландыру мәселесі туындады.

Зерттеудің мақсаты – өңірлік МЖӘ институттарындағы қызметкерлердің және жобаға қатысушы барлық субъектілердің МЖӘ қатысты біліктіліктерін арттыру әдісін және қаржыландыру көздерін қарастыру болып табылады. Осы мақсатқа сәйкес келесі міндеттерді шешу көзделген:

- қосымша кәсіптік білім беру жолдарын қарастыру және шетелдік тәжірибелерді саралау;
- МЖӘ қатынасының субъектілерінің біліктілігін арттыру және оны қаржыландыру көздерін ұсыну.

Қосымша кәсіптік білім беру (ҚКББ) қаржыландыру әдісі - бұл қосымша кәсіптік білім беру мекемелерінің білім беру қызметін жүзеге асыру үшін қаржыландыру көздерінің құрамы мен құрылымын, оларды жүзеге асырудың нысандары мен реттілігін таңдауға бағытталған іс-шаралар жиынтығы.

ҚКББ қаржыландыру нысаны - бұл ҚКББ жүйесіндегі білім беру қызметін қаржыландыру процесінде туындайтын қаржылық-экономикалық және құқықтық қатынастар мазмұнының сыртқы көрінісі. Жалпы алғанда, қаржыландыру көздері, әдістері мен нысандары жүйесі ҚКББ мекемелерін қаржыландыру тетігі болып табылады. Қазіргі нарықтық жағдайларда ҚКББ қаржыландыру тетігін іске асыру үш буын түрінде ұсынылуы мүмкін: қаржыландыруды мемлекеттік реттеу тетігі (бюджеттік қаржыландыру), ішкі шаруашылық (фирмашілік) тетігі және нарық арқылы қаржылық қаражатпен қамтамасыз ету тетігі (жеке кәсіпкерлердің инвестицияларын тарту). Бұл қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстары, ұзақтығы 72 сағатқа дейін, сондай-ақ кәсіптік қайта даярлау бойынша оқыту ұзақтығы 250 сағаттан бастап, оның қорытындысы бойынша жаңа біліктілік сатып алынады.

ҚКББ жеткізушілері арасында жоғары оқу орындары нарықта жетекші орын алады. Көбінесе компаниялар тек бәсекелестер ғана емес, сонымен қатар ҚКББ қызметтерін ұсыну бойынша серіктестер ретінде де әрекет етеді. Алайда Қазақстанда жоғары оқу орындары ҚКББ қызметтерін ұсынуда аса белсенді емес.

Дамыған елдердің көпшілігінде білім беруді қаржыландыру мәселесі мемлекеттің құзыретінде, өйткені олар жалпы қоғамның мүдделерін білдіреді және жүзеге асырады. Жоғары білім беру саласына жеке қаражат тарту Еуропа елдерінің үкіметтері бизнесті ынталандырудың әр түрлі формаларын қолданады. Атап айтқанда, Бельгия, Испания, Франция, Ұлыбритания университеттердің донорларына, демеушілеріне және жеке серіктестеріне салық жеңілдіктерін енгізуде. Мысалы, Францияда мемлекеттік зерттеу гранттары бірінші кезекте жеке компаниялармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобалар бойынша беріледі. Сонымен қатар, білім беру саласына жеке капиталды тарту заңнамалық деңгейде де ынталандырылады. Германияда федералды деңгейде фирмааралық оқыту қаржыландырылады, мамандардың біліктілігін арттыру үшін субсидиялар мен төмен пайыздық несиелер беріледі. Швецияда оқыту және жұмыспен қамтуды сақтау мәселелерімен негізінен қорға мүше компаниялардың жарналары есебінен қаржыландырылатын жұмыспен

қамтуды сақтау қорлары айналысады. Нидерландыда Үкімет пен экономиканың тиісті секторлары тең үлестермен беретін қаражат есебінен жұмыс берушілерді қоса алғанда, барлық жұмыспен қамтылған халық үшін міндетті кәсіптік біліктілік енгізілді.

Ваучерлік қаржыландыру жүйесі шетелде жұмыссыз ересек тұрғындарды жұмысқа орналастыру мақсатында қайта даярлау кезінде ғана емес, сонымен қатар жұмысқа орналастырылған азаматтарды үздіксіз кәсіптік оқыту бағдарламалары бойынша оқыту кезінде, шағын және орта кәсіпорындар мен экономиканың белгілі бір секторлары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру кезінде кеңінен қолданылды. Ең қызықтыларының бірі - Германияның ересектерге білім беру жүйесін құрудағы тәжірибесі. Германияда ересектерге арналған аралас білім беру жүйесі бар, онда мемлекет, әлеуметтік партиялар және әртүрлі кәсіпорындар белсенді қатысады. Ересектерге білім беруді қаржыландыруды білім алушылардың өздері, жұмыс берушілер, мемлекет және оның ведомстволары, халықтың әр түрлі қоғамдық топтары жүзеге асырады. Германиядағы ересектерге білім беруді насихаттайтын маңызды топ - жұмыс берушілер. Олар өздерінің қызметкерлерін жаңа талаптарға сай оқыту үшін үлкен қаражат бөледі. Ересектерге жалпы және кәсіптік білім беруге қатысушылардың өздері айтарлықтай қаржылық көмек көрсетеді. Ересектерге арналған білім беру курстары (халықтық университеттер) құнының 30-50% дейін білім алушылардың жарналары арқылы қаржыландырылады. Неміс өнімдерінің жалпыға бірдей танылған сапасы және бүкіл әлемдегі неміс өнеркәсібінің әсерлі бәсекеабілеттілігі мамандар, жұмысшылар мен қызметкерлердің кәсібилігінің жоғары деңгейін түсіндіреді. Сондықтан Қазақстанға экономикалық дамудағы өзгермелі үрдістер аясында халықтың ересек бөлігіне сапалы және кәсіптік білім беруді қолдауда қалыптасқан оң қағидаттарды ұстану қажет.

Осыған байланысты Германияның тәжірибесі ең перспективалы болып табылады. Осы идеяны тиімді қалыптастыру және қолдау үшін жергілікті атқарушы органдардың басшылары әкімдіктің шығыс бөлігінде мамандарды жыл сайын арттыруға арналған бюджетті міндетті түрде көздеуі қажет. Мысалы, 3 қызметкерге арналған ауылдық басқармада, 5 қызметкерге арналған аудандық басқармада, облыстық басқармада кемінде 5 қызметкер бар, бірақ тағы да бәрі МЖӘ жобаларын тиімді бастауға және жоспарлауға тартылған штаттық қызметкерлердің бірліктеріне байланысты.

Әр бағытта мотивациялық компоненттің үлесі болуы керек екенін ескере отырып, біліктілікті арттырудан өткен әрбір қызметкер кепілдендірілген тұрақты жұмыс кезеңіне толық құқылы, мысалы, 3 жылдан 5 жылға дейін. Осылайша, МЖӘ институционалдық құрылымы мамандарының біліктілігін жыл сайын тиімді арттыруға болады.

Жеке серіктестер тарапынан мамандардың біліктілігін арттыру жеке кәсіпкерлердің қаражаты есебінен ғана мүмкін болады. Қажеттілігіне қарай жыл сайын 3-тен 5-ке дейін маманның біліктілігін арттыру үшін ақылы оқыту. Бұл жағдайда бизнес субъектілеріне салық жеңілдіктерін беру сияқты мотивациялық фактор жұмыс істей алады.

Сонымен қатар, Қазақстан нарығы МЖӘ-нің жеке кеңес берушілер өте көп. Бұл жағдайда жеке кеңесші біліктілікті арттыруға мүдделі болуы керек. Мұнда біліктілікті арттыру курстары құнының 50% - на дейін жеке әріптес есебінен жұмсалуды немесе осы құн бойынша шығыстар еңбек биржасының қорларына аударылуы мүмкін екенін көздеуге болады. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында ҚКББ қызметтерін ұйымдастыруды қолға алу қажет деп олаймын.

ҚКББ бағдарламаларын іске асырудың ұйымдастырушылық формаларына келетін болсақ, олардың болашағы зор, компаниялар мен жоғары оқу орындарының ынтымақтастығы негізде жүзеге асыру қажет. Мұндай серіктестіктердің бір түрі - ЖОО-мен бірлесіп әзірленген бағдарламалар бойынша компания жабдықтарында оқыту. Бұл жағдайда компания қатысу арқылы тренингте әлеуетті пайдаланушыларға өз жабдықтарын насихаттайды.

Серіктестіктің тағы бір түрі – желілік әдіс, мұнда бірнеше жоғары оқу орындары мен компаниялар бірлесіп бірыңғай оқу бағдарламасын әзірлейді. Бұл тәсіл Ұлттық технологиялық бастамалардың құзыретті орталықтарының базасында іске асырылады, өйткені онда компаниялардың консорциумдары мен ЖОО жинақталған. Бұл ретте компаниялар ұйымдастыратын корпоративтік ҚКББ күшейту үрдісі де, сыртқы білім беру провайдерлері ретінде жоғары оқу орындарына аутсорсингті барынша азайта отырып, өз қызметкерлерін даярлауға мүмкіндік болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Итоги государственного аудита эффективности реализации проектов государственно-частного партнерства, Аудиторские заключения по итогам государственного аудита. [www.rkastana.gov.kz](http://www.rkastana.gov.kz)
2. Дежина И. Г. Дополнительное профессиональное образование для развития перспективных технологий: вклад вузов. Управление исследованиями и инновациями. Университетское управление: практика и анализ. 2018; 22(5): 22–31
3. Двенадцать решений для нового образования. Доклад Центра стратегических разработок и Высшей школы экономики. М.: НИУ ВШЭ, 2018. 106 с.
4. Ключарев Г. А., Диденко Д. В., Латов Ю. В., Латова Н. В. Непрерывное образование – стимул человеческого развития и фактор социально-экономических неравенств. М.: ЦСПиМ, 2014. 433 с.
5. Беляков С. А., Каравай А. В., Полушкина Е. А. Дополнительное профессиональное образование: результаты мониторинга 2016 года. М.: Издательский дом «Дело» РАНХиГС, 2017. 88 с.

УДК 330

### **АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМЫТУДАҒЫ САЛЫҚТЫҚ ЫНТАЛАНДЫРУ**

Сапиолдаева Балым Қайратқызы

[balim.kairatova@gmail.com](mailto:balim.kairatova@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті, Астана қ-сы.,

Ғылыми жетекшісі: Досмағанбетов.Н.С

Адами капитал – бұл адамдар инвестициялайтын және өмір бойы жинақтайтын білім, дағдылар және денсаулық. Бұл оларға қоғамның пайдалы мүшелері ретінде өз әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Адамдарға инвестиция салу - тамақтану сапасын жақсарту, медициналық көмек, сапалы білім беру, жұмыс орындарын құру және кәсіби дағдыларды үйрету арқылы жүзеге асырылады. Мұның бәрі адами капиталдың дамуына ықпал етеді және бұл кедейліктің тұзағын жоюдың және әлеуметтік тығыз қоғам құрудың негізгі шарты болып табылады.

Адами капитал кез-келген қазіргі мемлекет үшін тұрақты экономикалық өсудің негізгі қозғаушы күші және тірегі болып табылады. Дүниежүзілік банктің есептеулеріне сәйкес, дамыған елдерде адами капитал олардың ұлттық байлығының шамамен 70%-ын құрайды, қалған 30%-ын табиғи және өндірілген ресурстар арасында бөлінеді. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш 40% шамасында ғана.